

Аттестация - 2025



Педагогтерді аттестаттау жүзеге асырылады:

Платформа арқылы



Педагог - модератор

Педагог - сарапшы

электрондық үкіметтің
веб-порталы арқылы



Педагог - зерттеуші

Педагог - шебер

Педагогтың біліктілігін бағалау тестінен **босатылады**

Қолданыстағы жүйе бойынша **30** (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар педагогтер бұрын берілген біліктілік санатын **растаған кезде** ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді қорытудан өтеді.

Біліктілік санатын арттыру кезінде - жалпы негізде өтеді.

Ескі жүйе бойынша "бірінші", "жоғары" санатты педагогтер "**педагог-модератор**" біліктілік **санатына ауысқан кезде** ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді қорытудан өтеді.

"Педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санатын алған кезде жалпы негіздерде өтеді.

Барлық лауазымдардың педагогтері "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санатын **растау кезінде** ПББ тапсырудан босатылады, қызмет нәтижелерін екі реттен артық емес кешенді жалпылаудан өтеді.

ПББ нәтижелері Платформадағы педагогтің "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

Педагогтың біліктілігін бағалау тесті

МАҢЫЗДЫ!

ПББ ағымдағы жылдың ақпан-маусым айлары аралығында өткізіледі.

Бұзушылық анықталған жағдайда ПББ нәтижесі жойылады және педагог 1 (бір) жыл мерзімге аттестаттаудан өтуге жіберілмейді, біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі. ППБ өткізу ережесін **бұзу қайталанса**, педагогке бес жыл бойы аттестаттаудан өтуге рұқсат етілмейді, біліктілік санаты «педагог» деңгейіне дейін төмендетіледі.

Бастауыш білім беру, негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Пәндік білім	50	50%	25
Педагог – модератор		50	60%	30
Педагог – сарапшы		50	70%	35
Педагог-зерттеуші		50	80%	40
Педагог-шебер		50	90%	45

Мектепке дейінгі ұйымдардың және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Бейіні бойынша әдістемені білу, мектепке дейінгі педагогика және психология	50	50%	25
Педагог - модератор		50	60%	30
Педагог - сарапшы		50	70%	35
Педагог-зерттеуші		50	80%	40
Педагог-шебер		50	90%	45

Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Педагогика және психология негіздері	50	50%	25
Педагог – модератор		50	60%	30
Педагог – сарапшы		50	70%	35
Педагог–зерттеуші		50	80%	40
Педагог–шебер		50	90%	45

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қызмет алушыдан талап етілетін құжаттар тізбесі

1) өтініш;
2) жеке басын куәландыратын құжат;
3) білім туралы диплом;
4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса);
5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат;
6) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат;
7) ПББ өткендігі туралы сертификат;
8) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін);
9) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар;
10) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар.
11) Эссе (250–300 сөз)
Жеке басын куәландыратын құжаттар, білімі және еңбек қызметі туралы мәліметтер, ПББ өткендігі туралы сертификат тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен электрондық үкімет шлюзі арқылы алынады.
4), 5), 8), 9), 10), 11) тармақтарда көрсетілген құжаттар Платформада жинақталады.

Педагогтердің құжаттарын (портфолиосын) қалыптастыру

МАҢЫЗДЫ!

Құжаттарды (портфолионы) қалыптастыру кезінде академиялық адалдық қағидаты сақталады.

Аттестатталатын педагогтің құжаттарын тапсырғанға дейін құжаттама жинаудың сүйемелденуіне білім беру ұйымының әкімшілігі, ал құжаттардың толықтығы мен дәйектілігіне педагог жауапты болады.

Құжаттарды (портфолионы) қалыптастыру кезінде дұрыс емес мәліметтер беру фактісі анықталған жағдайда **педагог бес жылға** аттестаттаудан өтуге жіберілмейді, бұл ретте **«педагог»** біліктілік санатына дейін төмендетіледі.

Құжаттар (портфолио) мынадай өлшемшарттарға сәйкес жылдар бойынша жинақталады: білім сапасы (динамика) / білім беру бағдарламасын игеру динамикасы; оқыту сапасы; білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және педагогтің жетістіктері, тәжірибені жинақтау және тарату; біліктілікті арттыру

Педагогтердің құжаттарын (портфолиосын) қалыптастыру

МАҢЫЗДЫ!

Конкурстық іс - шаралар уәкілетті орган бекіткен тізбеге (ҚР БҒМ 2011 жылғы 7 желтоқсандағы **№ 514** бұйрығы) немесе облыстардың **білім басқармалары** (бұйрық **№ 01-03/131**), **аудандық білім бөлімдері, білім беру ұйымдары** бекіткен тізбеге кіруі тиіс.

Педагогтер қатысатын іс-шаралар педагогикалық қызмет бейіні бойынша болуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген тізбелерге енгізілмеген іс-шаралар аттестаттау кезінде есепке алынбайды

тәжірибені жинақтау және тарату дәлелдемелері - бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), бағдарлама көшірмесі (білім беру ұйымының мөрімен (платформада аттестатталатын педагогтердің материалдарын қоспағанда) және басшының қолымен куәландырылады), іс-шара материалдарына сілтеме

Авторлық бағдарлама мен әдістемелік материалдарды бекітудің дәлелі оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді болып табылады

Педагогтердің құжаттарын (портфолиосын) қалыптастыру

МАҢЫЗДЫ!

«Үздік авторлық бағдарлама» байқауына немесе басқа да әдістемелік іс-шараларға қатысу , грамота (сертификаттар, алғыс хаттар) алу педагогтің авторлық бағдарламасын немесе әдістемелік материалдарын бекітудің дәлелі болып табылмайды

Басылым беттері

«Педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» біліктілік санаттарына аттестатталатын педагогтер үшін Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының, РҒПҚББО, балаларды ерте дамыту институтының, АИББДҰҒПО немесе ҚР ОМ ұсынған басылымдарында тәжірибені зерттеу бойынша жарияланымның дәлелдерін ұсыну қажет.

Жарияланымға 3 автордан артық емес рұқсат етіледі.

Тізілімге кірмейтін басылымдардағы жарияланымдар есепке алынбайды

Мерзімінен бұрын аттестаттау

МАҢЫЗДЫ!

Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге тиісті қызмет нәтижелері болған жағдайда кезекті аттестаттаудан кейін кемінде **2 (екі) жыл өткен соң** жол беріледі

Біліктілік санатын беру (растау) туралы шешім қабылдау

МАҢЫЗДЫ!

Аттестаттау комиссиясы педагогтерді аттестаттау нәтижелері бойынша **2025 жылғы 1 тамызға дейін қорытынды шешім** қабылдайды

Біліктілік санаты үшін педагогтерге **қосымша ақы төлеу** аттестаттаушы органның бұйрығы негізінде 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап жүзеге асырылады.

Қосымша мәліметтер

МАҢЫЗДЫ!

Педагогикалық **өтілі жоқ** (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері) жұмысқа қабылданған «педагог- тағылымдамашы» **1 жыл өткеннен кейін** өтініші негізінде білім беру ұйымының **бірінші басшысы бұйрығымен** аттестаттау рәсімінен өтпей, сондай-ақ **ПББ тапсырусыз «педагог» санаты беріледі**


Педагогикалық қызметті **қайта бастаған** кезде 5 жылдан кем үзілістен кейін қайта оралған және ПББ өткен тұлғаларға «педагог» санаты, **5 жылдан астам үзілістен кейін** – «педагог-стажер» санаты беріледі.

Қолданылу мерзімі 2025 жылы аяқталатын (оның ішінде мерзімі екінші жартыжылдықта аяқталатын) **«екінші», «бірінші», «жоғары»** ескі форматтағы біліктілік санаттары бар педагогтер ағымдағы жылы жаңа форматтағы біліктілік санаттарын беруге аттестаттау рәсімінен **өтуге міндетті**.

Жаңа форматтағы біліктілік санаттарын беруге өтініш бермеген жоғарыда аталған педагогтерге автоматты түрде «педагог» санаты беріледі

Педагогтерге ескерту!

АТТЕСТАЦИЯ ЕРЕЖЕЛЕРІМЕН ТОЛЫҚТАЙ ТАНЫСУ КЕРЕК



АТТЕСТАЦИЯҒА ДАЙЫНДЫҚТЫ КЕМ ДЕГЕНДЕ 2 ЖЫЛ БҰРЫН БАСТАУ КЕРЕК



**СІЗ ӨТІНІШ БЕРГЕН
САНАТЫҢЫЗДЫҢ
ПОРТФОЛИОСЫНА
ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРМЕН
ТАНЫС БОЛУЫ КЕРЕК**



БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ СЕРТИФИКАТЫ СОҢҒЫ 3 ЖЫЛДЫҚ БОЛУ КЕРЕК



**ЖАРАМДЫ КУРСТАР,
ОЛИМПИАДА, ТУРНИР, ҒЫЛЫМИ
БАЙҚАУ, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР
ТІЗІМІН АНЫҚТАУ ҚАЖЕТ**



СҰРАҚ

Менің санатым
сарапшы.
Зерттеушіге өту үшін
тест тапсырамын
ба? Әлде
босатыламын ба?

11/16

ЖАУАП

Тест тапсырасыз.

СҰРАҚ

Портфолиоға
қанша жылдық
жетістіктерді
саламыз?

14/16

ЖАУАП

Егер аттестаттаудан
кезекті 5 жыл сайын
өтетін болсаңыз
5 жылдық салынады.

Ал мерзімінен
бұрын тапсыратын
болсаңыз, соңғы
өткен
категорияңыздан
кейінгі жетістіктерді
саласыз.

СҰРАҚ

Қазір санатым
сарапшы.
Зерттеушіге
тапсырып тесттен
өтпей қалсам
қайта сарапшыға
түсіре ме?

ЖАУАП

Жоқ. Қай санаттың
шектік балына
сәйкес балл
жинадыңыз сол
санатқа түсіреді.

Мысалы:
Модератордың
балын жинасаңыз,
онда модераторға
түсесіз.

СҰРАҚ

Сарапшы санатымды
тест тапсырмай
растауға бола ма?

ЖАУАП

Болады. Егер бейін
бойынша пед.өтіліңіз
30 немесе одан
жоғары болған
жағдайда.

СҰРАҚ

Біліктілікті арттыру
курсының
сертификаты қанша
жылға жарамды?

ЖАУАП

3 жыл

СҰРАҚ

Мен 2025 жылы зерттеуші санатымды растаймын. Еңбек өтілім 18 жыл. Мен тест тапсырамын ба?

ЖАУАП

Зерттеуші санатын растау үшін еңбек өтіліңіз қанша жыл болса да тесттен босатыласыз. Тек портфолио өткізесіз.

СҰРАҚ

Мен 2024 жылы модератор санатын алдым. 2025 жылы сарапшыға тапсырсам бола ма?

5/16

ЖАУАП

Жоқ. Мерзімінен бұрын өту үшін екі санаттың арасында кем дегенде 2 жыл еңбек өтіл болу керек.

СҰРАҚ

Егер де мен
5 жылдан кейін
категориямның
мерзімі бітеді.
Аттестациядан
өтпеуге бола ма?

6/16

ЖАУАП

Себепсіз өтпеуге
болмайды. Егер
сіз еш себепсіз
аттестациядан
өтуден бас тартсаңыз,
санатыңыз автоматты
түрде ең төменгі
санатқа түседі.

СҰРАҚ

Санатым модератор.
Зерттеушіге
тапсырсам бола ма?
Жетістіктерім жетіп
тұр.

ЖАУАП

7/15

Жоқ. Біліктілік
санатын беру
(растау) біліктілік
сипаттамаларына
және кәсіптік
стандартқа сәйкес
біліктілік санатынан
өту мерзімдері мен
бірізділік
принциптерін
сақтай отырып
жүзеге асырылады.

СҰРАҚ

2024 жылы тамызда
тесттен өттім.
Портфолио өткізуге
үлгермедім. Сол
сертификатым 2025
жылға жарай ма?

ЖАУАП

Иә, жарайды.
Педагогтердің
ПББ нәтижесі ПББ
тапсырған күннен
бастап бір жылға
жарамды болып
саналады.

Апелляцияға қандай жағдайда беріледі?

- 1) тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:
дұрыс жауаптың негіздемесімен келіспегенде;
дұрыс жауап болмағанда;
бірден көп дұрыс жауап болғанда;
тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған жағдайда;
- 2) тапсырмаларда фрагменттің немесе мәтіннің болмаған жағдайында техникалық себеп бойынша қаралады.

СҰРАҚ

2025 жылы тестті
қанша рет тапсыра
аламыз?

2/15

ЖАУАП

2 рет. 1 рет – тегін,
1 рет-ақылы.

СҰРАҚ

Зейнеткерлікке шығуға 3 жыл қалды. 2025-те мен тесттен тапсырамын ба?

13/15

ЖАУАП

Жасы зейнеткерлікке 4 жылдан аз қалған педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады. Тағайындалған біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады.

2 жылға санатын сақтап, мерзімін қандай жағдай да создыруға болады?

1. Денсаулығына байланысты;
2. Деркеттік демалыстан шыққан жағдайда;
3. Білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарынан, біліктілікті арттыру институттарынан білім беру ұйымдарына ауысқан тұлғаларға;
4. Педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шет елдерден келген тұлғаларға беріледі;
5. Егер педагогтің біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір жыл қалса, ал педагог Қазақстан Республикасының ішінде басқа білім беру ұйымына ауысса.

СҰРАҚ

Зерттеушіге тест тапсырып тесттен өтпей қалсам, қайта сарапшыда қаламын ба?

ЖАУАП

Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау материалдары мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келген, бірақ ПББ өтудің шекті деңгейіне жетпеген жағдайда педагогке:

- біліктілік санатын растаған жағдайда бір деңгейге төмен;
- біліктілік санатын беру жағдайында ТЕСТ нәтижелерінен жоғары емес біліктілік санаты беріледі.